

29 қыркүйек,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

2021 БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫНЫҢ АУДАН ТҮРГЫНДАРЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ардагерлер!
Қадірлі қариялар!

Сіздерді Халықаралық Қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл мереке аға ұрпақ өкілдерінің қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және қалтқысыз қамқорлық көрсететін күн. Дана халқымыздың өмірінде ақыл-парасатты ақсақалдардың ақылы мен шешімі ежелден зор маңызға ие болған. Қарттарға қамқорлық – біздің халқымыздың санасына терең сіңген қасиет. Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар да халықтың өл-ауқаты мен өлеуметтік жағдайын көтеру болып табылады.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағлымдарыңыздың орны біз үшін бөлек. Себебі, еліміздің өсіп-өркендеуіне ерқайсыларыңыздың қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен. Тапай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым мен парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер.

Қарттары бар ел - бақытты ел, байыпты ел. Қай кезде де, небір сын сағатта да халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз аман жүрсін, ұрпағының қуанышына бөленсін!

Қадірлі қариялар!

Өскеңе ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңыз үшін ризашылық білдіре отырып, егде тартқан жастарыңыз еңселеріңізді түсірмей, өмірлік құшақтарыңыз ұзағын болсын! Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, отбасыларыңыз бен замандастарыңыздың арасында атап өтетін мереке күндері көп болсын деп тілеймін!

Қазақ «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау – біз үшін парыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» ете білген, бізге тағлымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол. Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас кенішіндей болған қарттарымыз сіздер, аман-есен жүргейсіздер! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін. Балаларыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында бақуатты өмір кешіп, ердайым ел құрметіне бөлене беріңіздер. Шаңырақтарыңыздан шаттық, отбасыларыңыздан құт-береке кетпесін!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі А.Қ.Қазыбаев

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ МҰҒАЛІМДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ұстаздар!
Қадірлі педагогтар!

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, болашағына бағыт беретін ардақты тұлғаларды біз мұғалім деп атаймыз. Мұғалім мектептің жүрегі, шөкірттің шырағын жағушы жалын иесі. Елімізде қазан айының бірінші жексенбісі ұстаздар күні ретінде мерекеленіп келеді. Ендеше, Сіздерді тәл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

«Ұстаздық өткен жалықпас үйретуден балаға» – демекші, ұстаздық мәртебелі мамандық десек жалған айтпаған боламыз. Себебі хан да, қарапайым адам да мұғалім мектебінен өтіп, өмірге жолдама алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Тамыз кеңесінде ұстаз ерқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға екендігін атап өтті. Сонымен қатар, осы жиында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды. Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі» - деп, ұстаздардың жалақысын 4 жылда 2 есе көтеруді тапсырды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мәртебелі мамандық иелеріне деген ықыласы ерекше, оның бір сөзінде: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - дегенін баршамыз жақсы білеміз.

Мұғалімге құрмет көрсету арқылы біз білімді терең меңгеріп, ғылымды игеруге жол ашамыз. Адамшылық қалыбымызды түзеп, арман-мұратымызға асықпай жетеміз. Осы орайда, өл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деген сөзі ойға оралады, өрі білім мен тәрбие адамзаттың негізгі құралы екенін еске салады.

Қазақ даласында алғашқы мектеп ашып, ағартушылық жасаған ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бөрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» - деп мұғалімнің қоғамдағы орны төрде екенін меңзейді. Ал, Серке Қожамқұловтың: «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шөкірттей сезінемін» - деген сөзі бар. Бұл сөздердің растығын өрбіріміз анық аңғарамыз. Содан кейін өріп танытып, өмір үйреткен ұстаздарға алғысымызды жаудырамыз. Шөкірттік шынайы ықыласымызды білдіреміз.

Ардақты ардагер ұстаздар! Қымбатты мұғалімдер!

Баршаңызды мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сырттай қарапайым болғанымен, тарихтағы ұлы істі атқарып жүрген жұмыстарыңызға абырой тілеймін! Біліммен баулып, биікке ұшыратып оқушыларыңыздың оқуда озат, өмірде патриот болуына тілектеспін! Мәртебелеріңізді асқақтап, абыройларыңыз арта берсін! Отбасыларыңызға есендік, телгей табыс, зор денсаулық тілеймін! Еліміздің ертеңі нұрлы, аспаны ашық болсын!

Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайыргалиұлы Қазыбаев

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫМЫЗГА ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БАС ГАЗЕТТЕРІ «АҚТӨБЕ» ЖӘНЕ «АКТИВНИСКИЙ ВЕСТНИК» ГАЗЕТТЕРІНІҢ БАС РЕДАКТОРЛАРЫ БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ МЕН АЙГҰЛ МАРАТҚЫЗЫ АРНАЙЫ КЕЛДІ. БҮГІНГІ КҮНІ ЖАЗЫЛУҒА КЕҢЕС БЕРІП ОТЫРҒАН «АҚТӨБЕ», «АКТИВНИСКИЙ ВЕСТНИК» ГАЗЕТТЕРІ АҚПАРАТТЫ ТҮРЛЕНДІРІП ЕМЕС, ОҚЫРМАНДАРЫНА НАҚТЫ ДЕРЕК КӨЗІНЕН АЛЫП БЕРЕТІН, ШЫНАЙЫ, ТЕКСЕРІЛГЕН АҚПАРАТТЫ ҒАНА ЖАРИЯЛАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ГАЗЕТТЕР. ЖАЛПЫ ӨНІР ӨМІРІ МЕН ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ОСЫ ГАЗЕТ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРУДЕ.

Қос газеттің редакторлары кездесу кезінде ойылдықтарды басылымға жазылуға шақырып, ұзақ жылдар бойы тұрақты оқырмандары мен аталған газетке тұрақты жазылып жүрген аудандық аурухана мен білім бөлімінің қызметкерлеріне зор алығысын білдіріп, алғыс хаттарын табыстады.

- Біздің оқырмандарымыздың көпшілігі – ауыл тұрғындары. Сондықтан біз үшін тұрақты оқырмандарымызбен кездескен әрбір сәт қымбат. Әлемді алаңдатқан коронавирус індетінің салдарынан біз аудандарға іссапарға шығуға уақытша шектеу қойдық. Бірақ газеттің әрбір

нөмірінде ауыл өмірі туралы жан-жақты мәлімет беріп отыруға тырысамыз, - деді өз сөздерінде «Ақтөбе» және «Активнический вестник» газеттерінің бас редакторлары Бауыржан Өтеулиев пен Айгүл Нұркеева.

Еске салсақ, биыл қараша айында «Ойыл» газетіне 90 жыл толады. «Ғасырға таяу тарихы бар газеттің 90 жылдық торқалы тойын атап өтуге болар еді. Бірақ біз коронавирус індетіне байланысты сақтық шараларын естен шығармауымыз керек», - деп барша оқырмандары тойға тарту ретінде аймақтың тыныс-тіршілігінің айнасына айналған



«Ойыл» газетіне белсенді жазылуға шақырған «Ойыл» газетінің редакторы Серікбай Қойбағаров қос газеттің ұжымына да толағай табыс тіледі. Муса ӨДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТАРТУ



Халықтан тумай, туады кімнен алыптар Сенсеңіз егер сенуге татыр халық бар. Бүгінгі мен тарихтағы орын бір емес.

Болашақ өз бағасын берер, анықтар, - деген Қадір ағамыздың жыр жолдары құдды бір туған жеріне қалтқысыз қызмет етіп, перзенттік парызын мүлтіксіз орындап жүрген асыл азаматтарымызға арналғандай. Осындай қайырымды істе сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүрген, адамдық тұғырының биік белесінен орын алатын ерекше қайырымды жан Әнуар Бекмұхамбетов. Ол – мемлекет және қоғам қайраткері, еңбек ардагері. Ақтөбе қаласының және Ойыл ауданының құрметті азаматы.

Әрине, бұндай зор құрметке өзінің еңбекқорлығы мен ізгілікте толы қайырымды істерінің арқасында жетті деп білеміз.

Азғантай өмір сүріп, аяулы ғұмырын ұстаздыққа арнап, өзі қызмет еткен мектебінің «Аптын жүрегіне» айналған жанның бірі Шәрбану Бекмұхамбетоваға 2001 жылы мектебімізге есімі берілгеннен бастап Әнуар Керейұлы мен оның отбасы білім ошағымызға 12 миллион теңгеден астам материалдық көмек көрсетті. Және де жыл сайын түлеп ұшқан мектеп түлектерінің оқуға түсуіне, жұмысқа орналасуына жағдай жасап, қолдау көрсетіп, азаматтық парызын қалтқысыз орындап жүрген ізгі жан.

Бұл сөзіміздің айғағы ретінде көне мектебімізді жаңартып, жөндеу

және автокөлік алып беруді ұйғарған болатын. Міне, күні кеше 25 қыркүйек күні еліміздегі пандемиялық жағдайға байланысты Ақтөбе қаласына бір топ ұжым мүшелері мен қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар комитетінен қонақтар шақырып, құны 6 млн теңгеге құрайтын су жаңа 10 орындық Уаз автокөлігін сыйға тартты. Жомарт жанның балалар үшін жасап жатқан тартуына Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Еркін Жиеналин аудан халқының атынан сөз сөйлеп, жүрекжарды тілегін жеткізе, мектеп директоры Роза Ұлықпанова мектепке жанашырлық танытып, демеушілік жасап жүрген Әнуар Керейұлына ұжым атынан шөкіс алғысын білдірді. Бұл көлік алдағы уақытта мектеп оқушыларын ғылыми жұмыстар мен археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге, түрлі байқаулар мен сайыстарға қатысу үшін қауіпсіз барып келулеріне үлкен септігін тигізеді анық. Сонымен қатар, Әнуар Керейұлы алдағы уақытта құны 7,5 млн теңге көлемінде жасақталған «Олимп» шағын футбол алаңын қайта жаңартып беретінін айтып өтті.

Қазақта туған жерін, оның халқына сүйген адам бүкіл адамзатты сүйе алады деген қасиетті сөз бар. Әнуар Керейұлы - жақсылыққа жаны жақын, ғибратты ғұмырын тек қайырымды істерге арнап, 85 жасқа келсе де, ізгілікті ісін жалғап келе жатқан біздің ауданымыздың, мектеп-гимназиямыздың мақтан тұтарлық азаматы. Ұстаздар күні қарсаңында мектебімізге осындай зор сый жасағаны үшін Ә.Керейұлы мен оның отбасына үлкен алғысымызды білдіре отырып, зор денсаулық тілейміз.

Нұрсәуле ЖҰМАБЕКОВА,
Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі.

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ!



Жол мәселесі күрмеуі шешілмеген жұл төртінде тұрған тақырыптардың бірі. Халықтың алыс жолдарға ат көлік аман-есен жетуіне шұрық-тесік жолдар ауырталықтар өкеледі. Бір жыл бұрын Ойыл-Қаратал тас жолы жөндеуіп халық игілігіне берілген болатын. Көп ұзамай істен шікіліктер шыға бастады. Төселгені көп уақыт болмаса да, жолдар кедір-бұдыр, ойқы-шойқы болып халықтың наразылығын

тудырып жатыр. Тұрғындардың үніне құлақ түрген «Nur Otan» партиялық бақылау мүшелері жолдың жағдайын өз көздерімен көріп қайтты.

Сонымен қатар Ойыл аудандық ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Таңат Нұрымгереевтің айтуынша, салынған жолдың бүгінгі жағдайын толық сараптамадан өткізіп, жолдың қалыңдығын, төселген материалдар,

жолдың көлемі бөрі сапаға сәйкес. Жолды қайтадан қалпына келтіруге екі жылдық кепілдігін пайдалана отырып бөлінген қаржыдан қалпына келтіру жоспарланып отырғандығын айтады. Бірақ бірнеше шақырымды құрайтын жолдың біраз бөлігі бір жыл өтпей-ақ қайтадан жөндеуді қажет ететіндігін айқын көруге болады. Дегенмен жол ауыл тұрғындарының қатынас көліктеріне арналып салын-

ғандықтан ауыр жүк машиналарының жүруі де жолдың аз уақыт ішінде бүлінуіне өкеліп отыр. Яғни, ауыр жүк машинасының жиі қатыну салдарынан да жолдың сапасы төмендей бастаған. Осы аталған мәселелердің оң шешімін табуын сұраған тұрғындар «алдағы қыс, көктем айларында жолдың машақатын тартпасақ екен» - дейді.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ.

ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ НЕГЕ СОЗЫЛУДА?

ОБЛЫСТЫҢ БАС САНИТАРЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ ҚАУЛЫСЫНА САЙ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛІП, КӘСІПКЕРЛІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ, ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ ҚАТЫНАУЫНА РҰҚСАТ БЕРІЛДІ. БІРАҚ КҮШЕЙТІЛГЕН КӘСІПКЕРЛІК, ӨЗГЕ ДЕ САЛАЛАРДЫҢ НЫСАНДАРЫНА САНИТАРЛЫҚ-ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ РЕЖИМ ТАЛАБЫН САҚТАУ ЖҮКТЕЛДІ.

Солай болса да, ауданда 1-сәуірден 15-қыркүйек аралығында коронавирус инфекциясының 22-жағдайы тіркелді. Оның ішінде індет белгілері жоқ 12-жағдай, коронавирус белгілерімен 10-науқас тіркелді, жазылып шыққандар саны-20. Науқастардың 17-сі Ойыл селосында байқалса, Саралқында-2, Қараталда-2, Коптоғайда-1 жағдай анықталды. Бүгінгі күнге осы індетпен ауырған адамдар тіркелуде, демек шектеу шараларын толығымен алып тастап, арқаны кеңге салудың реті жоқ екені аңғарылып отыр. Сонымен қатар қыркүйек айының 2-ші жартысынан бастап жұқпалы респираторлы вирустық инфекциямен, тұмаудың эпидемиялық маусымы басталды, бұл эпидемиялық маусым мамыр айына дейін созылады. Тұмау ауруының алғашқы кезеңі өте жедел өтеді. Жасырын инкубациялық мезгілі бір-

екі күнге созылып, адамның қызуы жоғарылайды. Тұмауға шалдыққан адам тоңып, басы ауырады. Бір мезгілде адамда өлсіздік, ағзасында деп-салдық пайда болып, басы айналады. Бұлшық еттері ауырып, құлағы шулайды. Мұрыннан жиі су ағып, тамағы қырып жұтындырмайды. Құрғақ жөтел пайда болады. Тұмаудың алғашқы белгілері біліне бастаған кезде ауру адам оқшаулануы, көпшілік жиналған орынға бармауы керек. Жақының жанашыр болуды ойлаған әр түрлі осы шектеулерді сақтаса ғана қауіпті індеттің тіркелуін тоқтата аламыз. Аурудың алдын алудың бірден-бір жолы - тұмауға қарсы екпе алу. Оны күзде бастаудың тиімділігі зор. Сол себептен ауданға 1860 дана екпе (вакцина) жеткізілді. Сатып алынған вакцинаны тегін алатындардың тізбесі түзелген. Оған меди-

цина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда медициналық бақылауға алынған балалар, алты айдан асқан көп ауырған балалар, жүктіліктің 2-3ші триместріндегі жүкті әйелдер, жүрек-қан тамыр жүйесінің, тыныс алу мүшелерінің созылмалы ауруына шалдыққан диспансерлік есепте тұрған адамдар жатады. Эпидемиялық маусым кезінде тұмаудан сақтау үшін дәрігерлердің рұқсатымен вирусқа қарсы жақпаймайлар (оксалин, анти-вир т.б.) поливитамиандер, табиғи фитонцидтер қарақат, итмұрын шайларын қолдану қажет. Осы кезеңде өлеуметтік ара қашықтықты сақтау, науқас адамдармен қарама қатынасты шектеу мен адамдар көп жиналған жерлерге бармау. Сонымен қатар маусымға сай киіну, бетперде, анти-септикалық, дезинфекциялық құралдарды пайдалану, қолды жиі жуу. Әлбетте, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу ләзім.

Ғ.ҚҰБАЕВ,
басқарма басшысы.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР!

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылдың 13 тамызынан бастап мемлекеттік кірістер органдарында, **жеке тұлғалар** үшін 2019 жыл үшін мүлік салығы мен жер салығын төлеу бойынша міндеттеме-лерді қоспағанда, жеке тұлғаларға 2020 жылдың 1 қаңтарына дейінгі салық кезеңдері үшін 1 сәуір 2020 жыл жағдайына құралған мүлік салығы, жер салығы және көлік салығы бойынша есеп бетінде бар негізгі қарызды соммаларын төлеу кезінде өсімпұлдарды есептен шығаруға салық рәқымшылығы бастау алды.

Кезіргі таңда Қаржы министрінің 13.08.2020 жылғы №730 бұйрығымен өсімпұлды жою ережесі бекітілді.

Осыған байланысты, жеке тұлғалар 31 желтоқсан 2020 жыл жағдайына дейін негізгі берешек сомасын толық төлеген жағдайда, мемлекеттік кірістер органдарымен өсімпұлды жою жүргізіледі. Толық түсінік алу үшін Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментіне немесе Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына жолығуға болады.

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 7407 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

3 қыркүйек 2020 жыл № 448 Ойыл селосы Ойыл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңының 8 және 9-баптарына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді,

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы **Б. Жұмырбаев**
Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы **Е. Жиеналин**

2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 448

Ойыл аудандық мәслихатының шешіміне 1 қосымша

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БЕЙБИТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ҮШІН АРНАЙЫ ОРЫНДАР, ОЛАРДЫҢ ШЕКТІ ТОЛУ НОРМАЛАРЫ, МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫ

1. Жиналыстар, митинглер, пикеттеу ұйымдастыру және өткізу үшін:

№	Арнайы орындар	Материалдық-техникалық жабдықтау	Олардың шекті толу нормасы
1.1	«Даңқ» саябағы (Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Б.Жолмырзаев көшесі №46А)	- жасанды жарықтандыру; - электр энергиясын қосуға арналған аууты; - бейнебақылау және бейнетіркеу камералары; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық (қоқыс үшін жөшіктері); - арнайы техникаға, өрт техникасына, құтқару және медициналық қызметтеріне арналған кіру және шығу үшін өту жолдары	200 адамнан артық емес

2. Демонстрациялар, шерулер ұйымдастыру және өткізу үшін:

№	Арнайы орындар	Материалдық-техникалық жабдықтау	Олардың шекті толу нормасы
2.1	Желтоқсан көшесінен бастап, И. Құрманов көшесі бойымен, Б.Жолмырзаев көшесіне дейін	Маршруттың ұзақтығы 1,3 километрді құрайды. - көше жарықтандырылған; - бейнебақылау және бейнетіркеу камералары; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық (қоқыс үшін жөшіктері); - арнайы техникаға, өрт техникасына, құтқару және медициналық қызметтеріне арналған кіру және шығу үшін өту жолдары.	200 адамнан артық емес

БЕЙБИТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ҮШІН АРНАЙЫ ОРЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланудың осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңы (әрі қарай - Заң) негізінде әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар жалпыға ортақ пайдаланылатын орын болып табылады және бейбіт жиналыстар өткізуге үшін Ойыл ауданының жергілікті өкпді органымен айқындалды.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған арнайы орындарда - сипаттына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін жария ішаралар өткізіледі.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған арнайы орындарда қолданыстағы Заңды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге «Төтенше жағдай туралы», «Соғыс жағдайы туралы» және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Осы Тәртіппен реттелмейген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы

«3» қыркүйектегі № 448 шешіміне 2 қосымша

ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ПИКЕТТЕУДІ ӨТКІЗУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ІРГЕЛЕС АУМАҚТАРДЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын:

1. жаппай жерлеу орындарында;
2. су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр;
3. мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 400 метр;
4. қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр;
5. магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр.

Зарегистрирован в Актобинского областного Департамента юстиции 14сентября 2020 года за № 7407

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Зсентября 2020 года № 448 с.Уил Об определении специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, порядке использования специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, норм их предельной заполняемости, а также требований к материально-техническому и организационному обеспечению специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, границ прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования в Уилском районе

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьями 8 и 9 Закона Республики Казахстан от 25 мая 2020 года «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан», маслихат Уилского района**РЕШИЛ:**

1. Определить специализированные места для организации и проведения мирных собраний в Уилском районе, порядок использования специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, нормы их предельной заполняемости, а также требования к материально-техническому и организационному обеспечению специализированных мест, согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Определить границы прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования в Уилском районе согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобинской области;

4. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии Уилского районного маслихата Б. Жұмырбаев
Секретарь Уилского районного маслихата Е. Жиеналин

Приложение 1 к решению Уилского районного маслихата от 3 сентября 2020 года № 448

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЕ МЕСТА, НОРМЫ ИХ ПРЕДЕЛЬНОЙ ЗАПОЛНЯЕМОСТИ И МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ОСНАЩЕНИЕ ДЛЯ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ МИРНЫХ СОБРАНИЙ В УИЛСКОМ РАЙОНЕ

1. Для организации и проведения собраний, митингов, пикетирования:

№	Специализированное место	Материально-техническое оснащение	Норма их предельной наполняемости
1.1	Парк «Даңқ» (Уилский район пос. Уил, ул. Б. Жолмырзаева №46А)	- искусственное освещение; - точка для подключения электроэнергии; - камера видеонаблюдения и видеофиксации; - оборудование, позволяющее обеспечить соблюдение санитарных норм и правил (урны для мусора); - парковка; - подъезды и выезды для специальной техники, пожарной техники, спасательных и медицинских служб.	не более 200 человек

2. Для организации и проведения демонстраций, шествий:

№	Специализированное место	Материально-техническое оснащение	Норма их предельной наполняемости
2.1	От улицы Желтоқсана по улице И. Курманова до улицы Б.Жолмырзаева	- протяженность маршрута составляет 1,3 километр; - имеется уличное освещение; - камера видеонаблюдения и видеофиксации; - оборудование, позволяющее обеспечить соблюдение санитарных норм и правил (урны для мусора); - подъезды и выезды для специальной техники, пожарной техники, спасательных и медицинских служб	не более 200 человек

ПОРЯДОК ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ МЕСТ ДЛЯ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ МИРНЫХ СОБРАНИЙ

1. Настоящий порядок использования специализированных мест для организации и проведения мирных собраний (далее - Порядок) разработан на основании Закона Республики Казахстан от 25 мая 2020 года «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан» и определяет порядок использования специализированных мест для организации и проведения мирных собраний (далее - Закон).

2. Специализированные места для организации и проведения мирных собраний являются местами общего пользования и определены местным представительным органом Уилского района для проведения мирных собраний.

В специализированных местах для проведения мирных собраний – проводятся публичные мероприятия, являющиеся по своему характеру мирными, ненасильственными и невооруженными, не создающими угрозы интересам государственной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья, защиты нравственности населения, прав и свобод других лиц.

В специализированных местах для проведения мирных собраний запрещается проведение собраний, митингов, демонстраций, шествий и пикетирования в нарушение действующего Закона.

При введении чрезвычайного, военного положения или правового режима антитеррористической операции на период их действия проведение мирных собраний может быть запрещено или ограничено в порядке, установленном Законами Республики Казахстан «О чрезвычайном положении», «О военном положении» и «О противодействии терроризму».

Мирные собрания в специализированных местах не могут начинаться ранее 9 часов и заканчиваться позднее 20 часов по местному времени в день проведения мирных собраний.

Отношения регулируемые настоящим Порядком регулируются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Приложение 2 к решению Уилского районного маслихата от «3» сентября 2020

ГРАНИЦЫ ПРИЛЕГАЮЩИХ ТЕРРИТОРИЙ, В КОТОРЫХ ЗАПРЕЩЕНО ПРОВЕДЕНИЕ ПИКЕТИРОВАНИЯ В УИЛСКОМ РАЙОНЕ

Определить следующие границы прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования:

1. в местах массовых захоронений;
2. границы прилегающих территорий к объектам водного, воздушного и автомобильного транспорта – 100 метров;
3. границы прилегающих территорий к организациям, обеспечивающим обороноспособность, безопасность государства и жизнедеятельность населения – 400 метров;
4. границы прилегающих территорий к опасным производственным объектам и иным объектам, эксплуатация которых требует соблюдения специальных правил техники безопасности – 100 метров;
5. границы прилегающих территорий к магистральным железнодорожным сетям, магистральным трубопроводам, национальной электрической сети, магистральным линиям связи – 100 метров.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ «ҚЫРҚЫНШЫ ҚАРА СӨЗІ».

Тапқыр эссе

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БЕТКЕ ҰСТАР, ӨР КЕУДЕСІН СОҒЫП, МАҚТАНА АЙТАТЫН ҰЛДАРЫНЫҢ БІРІ – АБАЙ. АБАЙДЫ ТАНЫМАЙТЫН ҚАЗАҚ БАР МА?! ОНЫҢ АҚЫЛЫ, ҰШҚЫР ОЙЛАРЫ, АЙТҚАН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ, БІЗ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН БІР БИИК ШЫҒ ТӘРІЗДЕС КӨРІНЕДІ. ӨЗІМІЗДІҢ АБАЙ ТУРАЛЫ ЕСТІГЕН-БІЛГЕНДЕРІМІЗДЕН ОНЫҢ ӨЗ ЗАМАНЫНАН АСЫП ТУАНЫДЫҒЫНА ӨБДЕН КӨЗІМІЗ ЖЕТЕДІ. НЕГЕ БҰЛАЙ АЙТАДЫ ДЕСЕНДІЗ, АБАЙДЫҢ ӨМІРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ, ТҮСІНІГІ, ДҮНИЕТАНЫМЫ ТУРАЛЫ ОҚЫҒАНАДАН СОНШАЛЫҚТЫ ТЕРЕҢ ЕКЕНДІГІН КӨРУГЕ БОЛАДЫ. ТІПТИ, СОЛ КЕЗДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНЕН АЛШАҚ, ТЕК БҮГІНГІ КҮНІН ОЙЛАП, МАЛ БАСЫН САНАП КҮН ӨТКІЗІП ЖҮРГЕН ҚАРАҒЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ІШІНЕН ОСЫНДАЙ ҰЛЫ ДАНА ШЫҒАДЫ ДЕП КІМ ОЙЛАҒАН.

Қазақтың классикалық поэзиясының асқар шыңы болып саналатын Абайдың мұрасы мол. Абай, менің ойымша, ақын ретінде емес, одан гөрі ойшыл философ ретінде қазақ халқы үшін тартатын секілді. Моральдық - философиялық, қоғамдық-саяси және кейіптік - сатиралық ой толғаулары болып табылатын «Қара сөздері» маңызды орын алады. Бұл ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл-күй кешуінің және азаматтық жанайқайының жемісі. Шығарманың стилистикалық мұқият өңделуі, бейнелі тілі, ақынның ағын жарылуы, оның адамгершілігі, биікке талпынысы, кемеңгерлігі «Қара сөзді» адамзат тарихындағы ғаламат әдеби ескерткіштерінің қатарына қойып отыр.

Абай өзінің «Қара сөздерінде» адамдық ар - ожданға кір келтіретін кемшіліктерден арылып, ең алдымен рухани өркендетке ұмтылуға, білім арттыру жолына түсуге және өз халқының ғана емес, басқа халықтардың да өнері мен кесірін үйренуге шақыра отырып, мұның бері тәуелсіздікке жетудің бірден-бір дұрыс жолы екенін атап көрсетті. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйін, қазақ ұлтының тірлігін өз бүркеусіз толықтай сипаттаған. Осы қара сөздерді оқыған әрбір қазақ баласы одан бірталай ой алады, себебі бұл сөздер түбі жоқ терең ойға жетелейді. Тіпті, кейде өзім Абайдың қара сөздерін оқығанда, сөзбен жеткізе алмайтын бір тұңғыш ойға батам. Сонда Абайдың жазған әрбір сөзінің қасиеті осында екенін түсінем.

Міне, енді өзімді осындай ойларға жетелеген қырқыншы қара сөздеріне тоқтала кетсем. Қырқыншы сөзінде Абай бейнелілік турлерін, оның себептерін тізіп береді. Бұл сөзін ол өз замандастарына қойылған сұрақ түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған. Абайдың қатты қинаған мәселе: қалай қазақты түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған. Абайдың қатты қинаған мәселе: қалай қазақты түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған. Абайдың қатты қинаған мәселе: қалай қазақты түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған.

Абайдың қатты қинаған мәселе: қалай қазақты түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған. Абайдың қатты қинаған мәселе: қалай қазақты түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған.

Қорытындылай келсе, біз ұлы ақымыз Абай Құнанбайұлының дәуірінде айтып кеткен сөздерінің өлі қын деп емін өмірімізге қажеттілігін ұғындық. Оның адамгершілік баулыған, тәрбиеге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық, адамдық сипатта болу түзегеу тырыстық. Демек, бұл - ақынның халықпен бірге жасағандығы. Абай өзінің қарасөздерін жазудағы мақсатын бірінші сөзінде былай баяндайды: «Ақыры ойладым. Осы ойыма кірген нәрселерді қағазға жазса берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз талса, жазып алсын, я оқисын керекі жоқ десе, өз сөзім өзімдік дедім де, ақыры, осыған бел байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». Бұл - ел қамын жолдарында кей адамдардың басыңдызды бұлт шалса, табылмайтын, ал күн түссе, жаңыңыздан кетпейтін жаман қылықтары бар екендігін айтады. Қысқасы, бар болса, көре алмайды, жоқ болса бере алмайтындығын өзі. Бұндай жағдай, тек сол кезде емес, қазір тіптен жиі кездесетін жайлардың бірі болып кетті. Өрине, осындай қара басының қамын ойлап, тек қана сізден алсам, тапсам деп тұратын адамдар санының артып кеткені өкінішті-ақ. Сірә, ондай адамдар басқаларды надан санап, өздерін ғана ақылды санайтындар шығар. Бірақ олай өзін-өзі алдаумен, айла-арлауды қалай жүзеге асырсам екен деп, әрбір күнін текке кетіретін адамдар, сырт кезден қарағанда қаншалықты бейшара, мүсөпір көрінетінін сезбейтін де шығар. Бұндайларға не

дейміз, тек бір қолдың бес саусағы бірдей емес деп қана айта аламыз. Ал Абайдың мұрасы мол. Абай, менің ойымша, ақын ретінде емес, одан гөрі ойшыл философ ретінде қазақ халқы үшін тартатын секілді. Моральдық - философиялық, қоғамдық-саяси және кейіптік - сатиралық ой толғаулары болып табылатын «Қара сөздері» маңызды орын алады. Бұл ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл-күй кешуінің және азаматтық жанайқайының жемісі. Шығарманың стилистикалық мұқият өңделуі, бейнелі тілі, ақынның ағын жарылуы, оның адамгершілігі, биікке талпынысы, кемеңгерлігі «Қара сөзді» адамзат тарихындағы ғаламат әдеби ескерткіштерінің қатарына қойып отыр.

Абай өзінің «Қара сөздерінде» адамдық ар - ожданға кір келтіретін кемшіліктерден арылып, ең алдымен рухани өркендетке ұмтылуға, білім арттыру жолына түсуге және өз халқының ғана емес, басқа халықтардың да өнері мен кесірін үйренуге шақыра отырып, мұның бері тәуелсіздікке жетудің бірден-бір дұрыс жолы екенін атап көрсетті. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйін, қазақ ұлтының тірлігін өз бүркеусіз толықтай сипаттаған. Осы қара сөздерді оқыған әрбір қазақ баласы одан бірталай ой алады, себебі бұл сөздер түбі жоқ терең ойға жетелейді. Тіпті, кейде өзім Абайдың қара сөздерін оқығанда, сөзбен жеткізе алмайтын бір тұңғыш ойға батам. Сонда Абайдың жазған әрбір сөзінің қасиеті осында екенін түсінем.

Міне, енді өзімді осындай ойларға жетелеген қырқыншы қара сөздеріне тоқтала кетсем. Қырқыншы сөзінде Абай

PRIMARIES 2020

NUR OTAN PARTIЯCЫ ІШІНДЕГІ САЙЛАУ

ТАРИХТЫ БІЛГЕН АДАМ ҚОҒАМНАН АЛЫСТАМАЙДЫ

Ел маңырына алаңдап, болашағы мен өзінің тарихи кезеңдерге қызмет етуге жастарға көп жауапкершілік артылағы. Ойыл ауданында да жанашыр жастарымыз да баршылық. Солпардың жігері, таванқылығы және жауапкершілігі бізді болашаққа қезек сенімді қаматауға мүдделі. Сол жастардың қатарында қозғалыс бастады. Ойыл ауданында археология саласының қазба жұмыстарына белсенділігімен қатынасты. Зерттеу жұмыстарына қызығып, тарихқа үлес қосу үшін 2011 жылы алғашқы еңбек жолын Ақтөбе қаласында, Ақтөбе облыстық тарих, этнография және археология орталығынан бастады. Кейін ауданға келіп, 2013 жылы Ойыл қазақ орта мектебіне тарих пен мұғалім болып орналасты. Білім саласында қызмет ете жүріп, қоғамдық жұмысқа араласуды қолға алды. Қоғамдық негізде 2013 жылдан бері Ойыл аудандық «Жас Отан» Жастар қанатының бөлім басшысы болып қызмет атқарып келеді. 2014 жылы жаңа қызмет Ойыл аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығынан басталды. Психолог, бас кеңесші және басшы лауазымына дейін қызмет жасады. Жастар орталығында қызмет еткен жылдары ауданның жастар саясаты ілгері жүріп, жастардың белсенділігі күшейді, көптеген бағдарламаларға жастардың қатысуы артты. Сол себепті, 2015 жылы Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы «Үздік ресурстық орталығы» номинациясымен марапатталды. 2016 жылдан 2019 жылға дейін Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінде қор сақтаушы болып жұмыс жасады. Осы салада қызмет ете жүргенде «Жас археолог» үйірмесін қалыптастыруда айналып өтпейтін үйірме оқушылары аудандық, облыстық, республикалық жобалар мен байқауларда үздіктер қатарынан көрінді. Музей саласында жаңа бағытты дамытып, аудан тарихын танытуға үлес қосқаны үшін 2017-2018 жылдары аралығында екі рет «Ауданның үздік музей қызметкері» атанды. Медет Құлмуқанов өзін қарай жетілдіруде 2019 жылдың 24 сәуірінен бастап мемлекеттік қызметке ауысты. Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бас мамандық қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда Медет аудандық музейде қор сақтаушы қызметіне ауысып, музейдің қор сақтау жүйесін қалыптастырып келеді. Жас болса да қоғамға белсенді араласып, ауданның түрлі қызметтерін көрінуде. Тарихты қалыптастыру ісінде үлесі бар. Себебі, тарихқа жан аштыған адам қоғам өміріне бей-жай қарамайды, керісінше, тарихты біле тұра ол қоғамнан алыстамайды.



Дулат ИСАБАЕВ
«Нұр Отан» партиясының мүшесі,
Кандидаттың сенімді өкілі

Бұл бағыттағы жетістіктерін аудан тұрғындары мен жастары жақсы біледі. 2007 жылы Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетіне түскен уақытта бірден тарихты тануға, зерттеуге құлшынысын ұмтылды. Жәй ғана тарихи білімді меңгермей, оны сезінді. Ой-санасынан жүгірту арқылы тереңде жатқан тарихты тану үшін 2008-2011 жылдар аралығында археология саласының қазба жұмыстарына белсенділігімен қатынасты. Зерттеу жұмыстарына қызығып, тарихқа үлес қосу үшін 2011 жылы алғашқы еңбек жолын Ақтөбе қаласында, Ақтөбе облыстық тарих, этнография және археология орталығынан бастады. Кейін ауданға келіп, 2013 жылы Ойыл қазақ орта мектебіне тарих пен мұғалім болып орналасты. Білім саласында қызмет ете жүріп, қоғамдық жұмысқа араласуды қолға алды. Қоғамдық негізде 2013 жылдан бері Ойыл аудандық «Жас Отан» Жастар қанатының бөлім басшысы болып қызмет атқарып келеді. 2014 жылы жаңа қызмет Ойыл аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығынан басталды. Психолог, бас кеңесші және басшы лауазымына дейін қызмет жасады. Жастар орталығында қызмет еткен жылдары ауданның жастар саясаты ілгері жүріп, жастардың белсенділігі күшейді, көптеген бағдарламаларға жастардың қатысуы артты. Сол себепті, 2015 жылы Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы «Үздік ресурстық орталығы» номинациясымен марапатталды. 2016 жылдан 2019 жылға дейін Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінде қор сақтаушы болып жұмыс жасады. Осы салада қызмет ете жүргенде «Жас археолог» үйірмесін қалыптастыруда айналып өтпейтін үйірме оқушылары аудандық, облыстық, республикалық жобалар мен байқауларда үздіктер қатарынан көрінді. Музей саласында жаңа бағытты дамытып, аудан тарихын танытуға үлес қосқаны үшін 2017-2018 жылдары аралығында екі рет «Ауданның үздік музей қызметкері» атанды. Медет Құлмуқанов өзін қарай жетілдіруде 2019 жылдың 24 сәуірінен бастап мемлекеттік қызметке ауысты. Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бас мамандық қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда Медет аудандық музейде қор сақтаушы қызметіне ауысып, музейдің қор сақтау жүйесін қалыптастырып келеді. Жас болса да қоғамға белсенді араласып, ауданның түрлі қызметтерін көрінуде. Тарихты қалыптастыру ісінде үлесі бар. Себебі, тарихқа жан аштыған адам қоғам өміріне бей-жай қарамайды, керісінше, тарихты біле тұра ол қоғамнан алыстамайды.

Дулат ИСАБАЕВ
«Нұр Отан» партиясының мүшесі,
Кандидаттың сенімді өкілі

АБЗАЛ СЕНИМДІ АҚТАЙДЫ

